



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

06.01.2016

Қостанай қаласы

№ 4

город Костанай

**Банкроттық басқарушысын
тағайындау туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V Заңының 15- бабының 2) тармақшасына сәйкес, «Центр-2000» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (бұдан әрі - ЖШС) банкрот деп тану туралы 2015 жылғы 10 қарашадағы Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі және 2015 жылғы 10 желтоқсандағы «Центр-2000» ЖШС-ның несиегерлер жиналысының хаттамасының негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Центр-2000» ЖШС (БСН 090440001721) Иманкулов Төлеухан Галымович банкроттық басқарушысы болып тағайындалсын.

2. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V Заңының талаптарына сәйкес Т.Г. Иманкуловқа банкроттық басқарушысының міндеттерін атқару жүктелсін.

3. Банкроттық басқарушы Т.Г. Иманкулов «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Департамент басшысының
міндетін атқарушы



С. Ахметов

004910